ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ

ӘКІМДІГІ

АКИМАТ

КАРМАКШИНСКОГО РАЙОНА
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

«26» сәуір 2016 ж./г.

№ 233

Жосалы кенті

«Қармақшы аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Қармақшы аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесін біріктіру жолымен «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта құру туралы

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы №410 Жарлығына, «Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 наурыздағы «Қармақшы ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісінің басқару схемасын бекіту туралы» №238 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қармақшы аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 12 сәуірдегі №10 шешіміне сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қармақшы аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Қармақшы аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесін біріктіру жолымен «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) болып қайта құрылсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бөлім туралы ереже бекітілсін.

3. Бөлім басшысы Бөлімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Ә.Қошалақовқа жүктелсін.

000414

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы ауданының
әкімі С.Мақашов